

**Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ**

Сәулет және құрылыс институты

Тіршілік қауіпсіздігі және еңбек қорғау кафедрасы

**Тақырыбы: Газбен, хлормен уланғандағы алғашқы
көмек**

Орындағандар:

Тексерген: Өмірбай Р.С

2016ж

- Хлор –тыныстарылтқыш өзіндік күшті иісі бар сарғыш-жасыл газ, ауадан 2,5 есе ауыр, суда, спиртте, эфирде жақсы ериді. Хлор өндірістің түрлі салаларында кеңінен қолданылады. Оны маталарды ағарту үшін пайдаланады, целлюлоза мен қағаз өндірісінде, каучук (резеңке) түрлерін жасауда, сукұбырлары стансасында залалсыздандырғыш құрал ретінде суды зарарсыздандыру үшін пайдаланады. Зақымдалған құбырлардан атмосфераға шыққан кезде түтіндейді. Буға айналу барысында және ауада су буымен қосылу барысында жер бетіне жасылтым-ақ түсті тұман ретінде төселеді, төменгі қабаттарға жер асты қоймаларына кіруі мүмкін. Хлор буы тыныс алу ағзаларына, көз бен теріге қатты әсер ететді. Хлор ағзаға негізінен тыныс алу жолдары арқылы енеді. Хлормен улану белгілері: кеуденің қатты ауыруы, құрғақ жөтел, құсу, қозғалыс координациясының бұзылуы, демікпе, көздің ашуы, жас ағу.



Улы газ – иісі жоқ уландырғыш газ, оны көру немесе иісі арқылы тану мүмкін емес және одан адам бірнеше минут ішінде-ақ өліп кетуі мүмкін.

Улы газ кез келген отынды, мысалы, газ, мұнай, керосин, ағаш отын немесе көмірді жаққанда шығады. Әдетте, от жағатын құрал (мысалы, пеш) дұрыс жұмыс істеп және пайдаланылып тұрса, қауіпті емес.

Газдың сыртқа шығуының негізгі себептері:

- жалғастырушы түтіктердің ақаулары;
- түтіктің редуктормен және газ құрал – жабдығымен нығыздап жалғанбауы;
- бұрандалы жалғастырушылардың нығыз еместігі;
- майлайтын жабдықтардың нығыздап қатайтуындағы шүмектердің жалғастырушы сабақтарының тығыз еместігі;
- оттыққа сұйықтың құйылуы немесе жел өшіргенде газдың шығуы;
- оттықты дұрыс тұтандырмау болуы мүмкін.



Улы газ дем арқылы ішке кеткенде:

- қанның оттегін тасымалдау қабілетін төмендетеді;
- миға орны толмас зақым келтіруі мүмкін;
- жүрек ауруы бар адамдардың кеуде тұсы ауыруы немесе жүрек қысылуы мүмкін.
- Улану белгілері:
- бұлшық еттердің әлсіреуі;
- бас айналу;
- құлақ шуылы;
- жүрек айну;
- құсу;
- ұйқы келу; кейде, керісінше, аз уақытқа белсенділіктің артуы; соңынан, жүру тепе-теңдігінің жоғалуы, теңселу;
- сандырақтау;
- елес қуу (галлюцинация);
- есінен тану;
- талу;
- кома және тыныс алу орталығының семуінен болған өлім. Тыныс алу тоқтағаннан кейін де жүрек біраз уақыт соғып тұруы мүмкін. Кейде адамдардың осындай уланудан кейін 2-3 аптадан соң ғана қайтыс болғаны туралы жағдайлар да болған.
- Улы газбен уланғанда улы газдың келуін тоқтатыңыз; жапа шегушіні таза ауаға шығарыңыз; жатқызыңыз, тыныштандырыңыз да таза ауамен дем алдырыңыз (газетпен желпіңіз, желдеткіш немесе кондиционер қосыңыз);



Улы газбен улануды болдырмау үшін:

- ешқашан, тіпті, есіктері ашық болса да, қозғалтқышы қосулы машинаны гаражда қалдырмаңыз;
- генераторды ешқашан үйде, гаражда, жертөледе (подвал) қоспаңыз. Ашық құрған терезе, есік немесе желдеткіш үйдегі улы газды ШЫҒАРА АЛМАЙДЫ.
- генераторды далада қосқан күнде де оның ашық терезе мен есіктің қасында тұрмағанына көз жеткізіңіз;
- ағаш көмірді үйде, палаткада, машинада немесе гаражда ешқашан жақпаңыз;
- ешқашан білмей, дағдыланбай және құралсыз от жаққыш құралдарды орнатпаңыз және қолданбаңыз;
- ешқашан газ плитасын, пісіру шкафын немесе кептіру құралын бөлмені жылыту мақсатында қолданбаңыз;
- ешқашан пісіру шкафының түбіне фольганы қоймаңыз, себебі ол газдың қалыпты жануына кедергі келтіреді;
- ешқашан желдетілмейтін газ құрылғысын жабық бөлмеде немесе жатын бөлмеде пайдаланбаңыз.



ҚОСТАНАЙ ОБЛАСЫ

ГАЗГА УПАҒАҒАҒДАР

36

22

Қостанай облысында 8 адам мыс газымен
упанып қалды.

ИНФОРМБЮРО

Информбюро

Улы газбен уланған кезде алғашқы көмек

- бәрінен бұрын зардап шеккенді таза ауға шығарып арқасымен жатқызу қажет;
- жігерлі қимылмен зардап шеккеннің барлық денесін сипау;
- басына суық компресс қойылады;
- егер зардап шеккен ес түсінде болса оған ыстық шәй беру қажет;
- егер зардап шеккен ес түссіз болса мұрнына мүсәтір спиртпен дымқылданған мақтаны апару қажет;
- егер демі болмаса өкпесіне жасанды демалдыру жасап, тез арада «Жедел жәрдем» шақыру қажет;

